

Оралмандардың 2011 жылға арналған көшіп келу квотасын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 сәуірдегі N 444 Қаулысы

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына және «Оралмандардың 2009 - 2011 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 17 қарашадағы № 690 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес оралмандардың 2011 жылға арналған көшіп келу квотасы облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, өзге де орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарға бейімдеу қызметтерін көрсетуді, жеңілдіктер, өтемақылар, біржолғы жәрдемақылар, сондай-ақ жәрдемақылар мен атаулы көмектің басқа да түрлерін беруді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2011 жылғы 1 шілдеге және 2012 жылғы 1 ақпанға қарай осы қаулының орындалуы туралы есептер ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 5 с ә у і р д е г і

№ 4 4 4 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Оралмандардың 2011 жылға арналған көшіп келу квотасын бөлу

Облыстар мен қалалардың атауы	Отбасы саны
Ақмола	1020
Ақтөбе	1000
Алматы	3800
Атырау	500
Шығыс Қазақстан	1500

Жамбыл	1840
Батыс Қазақстан	500
Қарағанды	1200
Қостанай	1000
Қызылорда	500
Маңғыстау	2500
Павлодар	800
Солтүстік Қазақстан	500
Оңтүстік Қазақстан	2950
Алматы қаласы	140
Астана қаласы	250
Жиыны:	20000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК